

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫ  
ҚР БҒМ ҒК А.Х. МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ

АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ  
УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ, АРХИВОВ И ДОКУМЕНТАЦИИ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ  
ИНСТИТУТ АРХЕОЛОГИИ им. А.Х. МАРГУЛАНА КН МОН РК  
АКТЮБИНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ИСТОРИКО-КРАЕВЕДЧЕСКИЙ МУЗЕЙ

**«ҚАДЫРБАЕВ ОҚУЛАРЫ - 2020»**

**VI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

(2020 жылғы 27-28 қараша)

**МАТЕРИАЛЫ**

**VI МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ**

**«КАДЫРБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ – 2020»**

(27-28 ноября 2020 года)

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ КӘСІБИ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ АШЫЛУЫ

Ж.Т. Ерназаров., А.С. Бұйрашева

1930-жылдардың бас кезінде Қазақстанда мұғалім кадрларын даярлауда елеулі табыстарға қол жетті. Мұғалімдердің саны мен олардың жұмысының сапалық деңгейі артты. Мұғалімдердің санының өсуіне байланысты, олардың әлеуметтік құрамы да өзгерді. Бұл бағыттағы жүргізілген елеулі жұмыстарға қарамастан, бірақ та Қазақстан РСФР бойынша орташа сауаттылықпен салыстырғанда көп артта қалған болатынды. 1926 жылғы халық санағының мәліметіне қарағанда, қазақ халқының арасындағы сауатсыздық 90 процент болса, РСФР бойынша орташа сауаттылық 56 процентке тең болды.

1930 жылы 27 тамызда Қазақ АКСР үкіметі 1930-31 оқу жылынан бастап, Қазақстанда жалпыға бірдей міндетті бастауыш білім беруді енгізу туралы декретке қол қойды. Жалпыға бірдей міндетті бастауыш білім беруді енгізу және жеті жылдық мектепті дамыту, мұғалім кадрларын, әсіресе, ауыл мектептері үшін даярлауды арттыруда талап етті. Қазақстанның кейбір аудандарында 30 проценттен 60 процентке деін мұғалімдер жетіспеді.

Жалпыға бірдей бастауыш білім берудің барысы туралы айтқанда, Қазақстанда оны енгізудің 1 жетістіктерімен сипаттағанын білеміз. Бұл жетістіктердің негізгі көрсеткіштері болып табылатын: 1931 жылы республикада оқуға тартылған балалардың санның 340 мыңнан 540 мыңға дейін өсуі, мектеп жасындағы балаларды мектепке тарту 1930 жылы 22 процент болса, қазақ ауылдарында 63 процентке жетті әсіресе жергілікті халық пен шығыс халықтары қыз балаларын мектепке тарту өсті (Бердіғожин Л.Б., 2019, 248 бет).

1930-жылдардың бас кезінде орта және жоғары мектеп туралы партия мен үкіметтің бірнеше қаулы-қаралары қабылданды. Бұл қаулылар орта және жоғары мектептің дамуы мен оқу-тәрбие жұмысын қайта құруды және педагогика ғылымының теориялық жетістіктерін анықтап берді.

1930-1931 жылдары университеттердің барлық педагогикалық факультеттері педагогикалық институттарға айналды. Ал педагогикалық институттар педагогикалық жоғары оқу орындарының ректорларының кеңісінің шешіміне сәйкес төменгі 3 топқа бөлінді: агропедагогикалық институттар негізінен шаруа жастармектептері /ШКМ/ мен ауылдық 9-жылдық мектептерге мұғалімдер даярлайды; индустриялық-педагогикалық институттар негізінен фабрика-зауыт жеті жылдығы /ФЗС/ мен қалалық орта оқу орындары үшін мұғалім кадрларын даярлады;

психолологиялық-педагогикалық институттар техникумдар, рабфактар, ФЗУ мектептері, дефектологтар үшін педагогикалық пәндердің оқушыларын, баланы қорғау қызметкерлерін, инспекторларды даярлады.

Қазақстанда индустриялық бағыттағы мектептер үшін жоғары педагогикалық кадрларды даярлау кең өріс алған ауыр индустрияның базасыда іске асырды. Бұл мақсатта 1933 жылдың 6-қаңтарынан бастап, Семей халық ағарту институтын /ИНПРОС/ индустриялық-педагогикалық институтына

айналдыру белгіленді. Орал халық ағарту институтын /ИНПРОС/ 1932 жылдың 1 қаңтарынан бастап, мал шаруашылығы бағытындағы агропедагогикалық институтқа айналдыру жоспарланды. Қызылорда халық ағарту институтын /ИНПРОС/ 1932 жылдың жазғытұрымын бастап, техникалық дақылдар бағытындағы агропедагогикалық институтқа айналдыру белгіленді. Ал, Қостанай халық ағарту институтын 1933 жылдың қаңтарынан астық дақылдарын өсіретін бағыттағы агропедагогикалық жоғары оқу орнына айналдыру жоспарланды (Жаманбаев К.Ж., 1972).

Республика халық ағарту комиссариаты комиссиясында 1931 жылы 19 қыркүйекте халық ағарту комиссары С.Мендештың төрағалық етуімен республикада педагогикалық білім берудің жүйесі жөнінде мәселе қаралды. Бұл мәселе бойынша баяндама жасаған Б.Страхов болды. Ол өз баянамасында халық ағарту жүйесі педагогикалық кадрларды даярлау міндеттерін жеткіліксіз орындап келе жатқандығын атап өтті.

Қазақстанда қалыптасқан педагогикалық білім беру жүйесінің негізгі кемшілігі болып табылды:

- педагогикалық мектептің барлық түрлерінің сөздік-кітабы сипатта болуы, политехникалық принциптерін жеткіліксіз енгізілуі;
- педагогикалық мектептің әдістемелік жағынан баяу қаралуы, әлі де ғылыми-әдістемелік орталыққа айналмай отырғандығы және әдістемелік жағынан мектеп пен ағарту мекемелерінің жүйелеріне ықпалының болмауы;
- педагогикалық білім беру жүйесінде құрамында ФЗС оқытушыларын, балалар қозғалысының көркемдік білім беру, дене шынықтыру, политехникалық еңбек қызметкерлерін даярлайтын арнаулы мектептер, мен бөлімдердің жоқтығы;
- педагогикалық оқу орындарының жеткіліксіз жергіліктендірілуі және онда оқытуды ана тіліне көшіру ты баяу жүргізілді.

Республика халық ағарту комиссариатының коллегиясы көрсетілген кемшіліктерді жою мақсатында төменгі міндеттер негізінде педагогикалық білім беру жүйесіне түбірлі өзгерістер енгізу туралы шешім қабылдады:

- мектепке дейінгі мекемелер, 1 сатыдан бастап, мектептердің барлық түрлері жоғары оқу орнына дейін, курстық жүйе, балалар қозғалысы, саяси-ағарту мекемелерді педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету;
- оқу жұмысының әдістерінің белсенділігін арттыру бағытында педагогикалық процесті қайта құру, оқушылар жұмысының барлық түрлерін, оның ішінде қоғамдық жұмысты, педагогикалық мектептің оқу-тәрбие міндеттерін бағындыру;
- барлық сатыдағы педагогикалық кадрларын сырттай оқыту арқылы даярлау.

Осы көрсетілген міндеттерге сәйкес Қазақстанда педагогикалық білім берудің төменгі жүйесі қалыптасты:

I. Білім берудің бастапқы буыны үшін:

Жеті жылдық мектептердің, техникумға даярлық курстарының, даярлық топтарының базасында ұйымдасқан 3 жылдық педагогикалық техникум. Техникумдар екі негізгі түрге бөлінді: ауыл-село мектептеріне

педагогтар даярлайтын ауылшаруашылығы мекемелерінің базасында ұйымдасқан индустриялық технумдар.

2. ФЗШ,ШКМ,ШКС мектептері үшін педагог кадрларын даярлайтын жұмысшы факультеттері мен даярлық бөлімдерінің негізінде ұйымдасқан жылдық оқу мерзімді педагогикалық институт. Олар да педтехникумдар сияқты екіге бөлінеді: шаруа жастар мектебінің барлық бөлімдері бойынша оқытушы даярлайтын агропедагогикалық институт фабрика-зауыт жетіжылдық және шаруа жетіжылдық мектебінің барлық бөлімдері бойынша оқытушы даярлайтын индустриялық институт болып бөлінеді (Сарсенов А.С., 2015, 64-69 бб.).

Қазақстан үкіметінің ұсынысына сәйкес педагогикалық білім беру жүйесіне өзгерістер енгізілді. күндізгі, кешкі және сырттай оқитын бөлімдерден тұратын педагогикалық институттардың бірыңғай түрін қалыптастырды. Партияның 1936 жылғы 4-маусымдағы Халық ағарту комитетінің жүйесіндегі педагогикалық бұрмалаушылықтар туралы қаулысында педагогикалық ілім жалпы алғана ғылымға жат ілім деп танылды. Бұл қаулыда өрескел жіберілген кемшіліктердің біріне педологияны буржуазиялық ғылым деп біржақты сынауын жатқызуға болады. Педологтарға тағылған ең негізгі кінә- олардың оқушылар арасында зерттеу және тесті жүргізуін партия тарапынан бұрын сыналған жалған буржуазиялық әдіс деп бағалады. Оқушылардың ақыл-ой дамуы мен дарындылығын зерттеу үшін қолданылған бұл әдістерді оқушыларға қажетсіз, кеңес мектебінің міндеттеріне қайшы келетін буржуазиялық таптың педологиялық ілімді кеңес жағдайына сын көзбен қарамай енгізу деп өрескел бұрмалаған еді. Осы қаулының негізінде көптеген педологиялық оқу орындары жабылып қалды (Табылдиев Х.Б., 1997 ж.).

Қазіргі жағдайда сол кезде педологтардың балалардың ақыл-ой өрісінің дамуы мен қабілеттілігін зерттеу үшін қолданған диагностикалық зерттеу әдістері де бүгінгі мектеп практикасында балалардың мүмкіндіктерін, қабілеттілігін айқындауда кеңінен тиімді әдіс ретінде танылып келеді. Оқыту мен даму туралы проблеманы қарастырғанда біз белгілі психолог 1930-жылдарда Баланың таяу арадағы даму аймағына негіздеу теориясының негізін салған Л.С. Выгодскийдің тұжырымдамасына сүйенетін болсақ, ол оқыту даму процесінен озып отырады деген болатынды. Л.С. Выгодскийдің айтуынша, оқыту баланың дамуын тездетеді, яғни оны алға қарай жетелейді.

«Егер баланы қабілетті етемін десеніздер,-деп Выгодский, оқыту тәсілдерін оның қолы жеткен даму дәрежесіне дәл ықшамдай, шамалы алға қарай оздырып жүргізу керек. Сонда ғана оқыту баланың ой -өрісін алға қарай дамытатын болады» (Әбжанов Х., 1991). Бұл пікірді сол кездегі кеңес психологтарының көбі қолдады. Қазір бұл мәселенің мәні орасан зор. Әсіресе мектептерде саралап оқыту мәселесі, балалардың қабілетін дамыту күн тәртібіне қойылып отырғанда, Л.С. Выгодскийдің оздыра оқыту туралы қағидасының мәні ерекше. Оны қазіргі жаңашыл педагогтардың көбі өздеріне негіз етіп, басшылыққа алды.

1930-жылдардағы жоғарғы мектеп пен орта мектептің ең негізгі кемшілігі жалпы білім берудің қажетті деңгейін толық қамтамасыз ете алмады,

политехникалық білімді ғылым негіздері терең меңгеруден бөліп қарастырды, оқушыларды жоғары оқу орындары мен техникумдарға түсуге даярлау міндеттерін жеткіліксіз шешкен болатынды. Сонымен қатар жоғары және орта мектепте оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда және әдістерді қолдануда елеулі кемшіліктер жіберілді.

Бұл кемшіліктерге қарамастан, 1930-жылдардың бас кезіндегі жоғары және орта мектеп туралы қалуларының Қазақстанда жоғары педагогикалық білім беруді дамытуда ерекше роль атқарды. Оған дәлел республика жоғары педагогикалық білім беруді дамытуда біршама тәжірбие жинақталды. Жоғары және орта мектепті қайта құру мәселесі бүгінгі таңда да мәні орасан зор. Қазіргі қоғамдағы болып жатқан жаңарулар жоғары мектептің алдына да ерекше міндеттер жүктейді. Оны дамыту үшін 20-жылдар мен 30-жылдардың бірінші жартысында халық ағарту ісі мен педагогика ғылымының көрнекті қайраткерлері елеулі еңбек сіңірді. Олар жоғары білім беру жүйеміздің негіздерін құруда жаңа педагогикаға өлшеусіз үлес қосты (Кенжебаев, 25-б.).

1930-жылдардың бас кезінде республика жоғары педагогикалық мектебі ерекше табыстарға қол жетті. Жоғары педагогикалық оқу орындарының жүйесі артты, төңкеріске дейінгі кезеңмен салыстырғанда жоғарғы мектептің бүкіл жұмысының мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілді, студенттердің әлеуметтік құрамы түбірімен өзгерді, оқу орындарында ана тілінде оқыту енгізілді. Жоғары және орта мектеп туралы 1930-жылдарда қабылданған қаулылардың елеулі кемшіліктеріне қарамастан, Қазақстан жоғары педагогикалық мектепті дамытуда ерекше роль атқарды. Оған дәлел болып табылатын республика халық ағарту ісі мен жоғары педагогикалық мектепті дамытуды елеулі табыстарға қол жеткендігін атап өтуге болады. Республика бойынша халық ағарту ісінің жалпы бюджеті 4 жылдың ішінде 1931 жылы 43.572 мың сомнан 1934 жылы 128.916 мың сомға өсті. Орта мектептегі қазақ балаларының саны 5656 дан 7341-ге өсті және жоғары педагогикалық оқу орныдарындағы студенттердің саны 4177 ден 5677 адамға өскендігін атап өтсек те жеткілікті. Республикада алғаш ұйымдасқан қазақ педагогикалық институты 1931 жылы бірінші рет өз түлектеріне өмірге жолдама берді. Бірақ та республикада бір ғана педагогикалық жоғары оқу орны мұғалім кадрларды даярлау проблемасын шеше алмады. Сол себептен де 30-жылдардың бас кезінде Қазақстанда бірнеше педагогикалық институт ашылды. Студенттердің әлеуметтік құрамын жақсарту мақсатында педагогикалық институттардың жанынан арнаулы жұмысшы факультеттері ұйымдасты. Жұмысшы факультеттерін бітіргендердің саны 1931 жылы институтқа қабылданғандардың 11,5 проценті болса, ал 1932 жылы институтқа қабылданғандардың- 16,8 процентін құрады. 1932 жылдың күзі Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтынан кейінгі Қазақстандағы екінші жоғары педагогикалық институттың қалыптасуы болды. 1932 1-қазаннан бастап, Орал қаласында халық ағарту институтының базасында педагогикалық институт ашылды. Алғашында оның құрамында: физика-математика, химия-биология, қазақ тілі мен әдебиеті, тарих-экономика бөлімдері жұмыс істеді. Бірінші жылы 180 студент қабылданды, оның 120

мемлекеттік бюджеттің есебінен, 60-адам-халық ағарту институтының бюджетінің есебінен қабылданды (Назарбаев Н.Ә., 2018 ж).

Қазақстанның батысында жоғары педагогикалық оқу орының ашылуы республика өмірінде ерекше оқиға болып табылды. Республиканың батыс обылыстары үшін жоғарғы білімді мұғалім кадрларын даярлауда ерекше роль атқарды. Маман педагогикалық кадрлар тек қана ағарту ісінің міндеттерін орындап қоймайды, сонымен қатар жергілікті халықтың арасында жаңаның жаршысы ретінде саяси-тәрбие және мәдени жұмыстарды іске асырды. Орал педагогикалық институты өзінің бірінші оқу жылын 83 студентпен бастаған болатынды. РСФСР халық ағарту комиссариаты 1933 жылғы 9 желтоқсанда Қазақ өлкелік комитеті өз қаулысында: «Алматыда Қазақ мемлекеттік университетін ашу жөніндегі КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысы сен РСФСР халық ағарту комиссариатының бұйрығына сәйкес, 1934 жылдың 1-қаңтарынан бастап, педагогикалық институтының базасында құрамында физика-математика және биология факультеттері бар Қазақтың мемлекеттік университеті ұйымдастырылсын,-делінген. Университетті ашудың қажеттігі, ең алдымен Қазақстанда социалистік құрылыстың кең көлемде дамуы, өндірістің кең қарқынымен өсуі, әсіресе, жаңа өндіріс алыптарының Шымкенттің қорғасын заводы, Риддер, Балқаш, Турксиб, Қарағанды т.б. құрылуы, ауыл шаруашылығын, мәдениетті көтерудің керектігі-осының бәрі маман кадрларды даярлауды қажет етті. Университет ашыларда 120 адам қабылдау жоспарланса, бұл міндетті университет өз жұмысын бастағанда орындай алмады. Сабак басталғанда бар болғаны университетке 54 студент қабылданды. Қазақ мемлекеттік университетінің алғашқы ректоры болып, республикада халық ағарту ісінің көрнекті қайраткері Ф.И.Оликов жұмыс істеді. Университет өз жұмысын бастағанда 5 профессор, 10 доцент және 10 ассистент, барлығы 25 оқытушы-профессор құрамымен жұмыс істеді. Алғаш ұйымдасқанда университетке физика-математика және биология факультеттері болса, кейіннен оларға химия және фиология факультеттері қосылды.

Қазақ университетінің алғашқы ұйымдасқан кезінде Москва университетінен белгілі ғалымдар И.Д. Молуков, Д.В. Сокольский, Қазан университетінен профессор К.Д. Персидский, басқа жоғары оқу орындарынан А.И. Бартенов, П.Н. Мищенко, В.Ф. Литвинов тағы басқалар жұмысқа келді. Университет қабырғасында қазақ әдебиетінің классигі, академик Мұқтар Әуезовтің, Қазақ КСР Ғылым академиясының бірінші президенті, академик Қаныш Сатпаевтың және басқа да республиканың ғылым мен мәдениет саласындағы көрнекті қайраткерлері өз жұмысын бастады.

Қазақ мемлекеттік университетінде даярлық бөлімімен бірге есептегенде құрылғанына екі жыл толу қарсаңында жалпы 650-ге тарта студент оқыды. Студенттер санының өсуімен қатар профессор-оқытушы құрамы да артты. Университеттің құрылғанына 2 жыл жолдамасымен келген алғашында 2 оқытушы жұмыс істеді. Институтта алғашқылардың бірі болып профессор В.Г.Бойко жұмыс істесе, институттың бірінші ректоры қызметіне Бекжагов Шайхыслам тағайындалды. Алғашқы жылы институтта оқу-тәрбие жұмысы өте қиын жағдайға жүргізілді: оқумен бірге институттың жаңа оқу үйін,

жатақханаларды салуға, кабинеттер мен лабораторияларды жабдықтауға қатысуға тура келді. 1936 жылы институтқа Ресейдің ұлы ақыны Александр Сергеевич Пушкиннің есімі берілді.

1934 жылы Алматы қаласында Қазақтың мемлекеттік университетінің ашылуы қазақ халқының мәдени өмірінде ерекше оқиға болып табылады. Оның негізгі мақсаты- республика жоғары және арнаулы оқу орындары үшін жоғары білімді ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау. 1935 жылы қаңтар айында Кеңестердің Бүкілқазақстандық ІХ съезінде университетке С.М. Кировтың есімі берілді.

Қазақ университетінің алғашқы қалыптасу кезеңінде РСФСР халық ағарту комиссарияты еліміздің ең ірі оқу орындары Москваның, Ленинградтың, Қазанның университеттері көмекке келді. Олар лабораториялық жабдықтармен, қабілетті оқулықтармен, оқу құралдарымен көмектесті. Университеттің қалыптасу кезінде көрнекті профессор-оқытушы құрамымен қамтамасыз ету ең негізгі проблемалардың бірі болды. Бұл бағытта да ежелден келе жатқан Мәскеу, Ленинград, Қазан басқа да қалалардың университеттері орасан зор көмек көрсетті 1933 жылы Қазақстанда жоғары және арнаулы оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының, оның ішінде КСРО Ғылым Академиясының филиалы бастаған жүйесінің кең өріс алуы тағы да күн тәртібіне Қазақ университеті ашу туралы мәселені қойған болатын КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі 1933 ж. 20- қазанда Алматы қаласында Қазақ педагогикалық институтының базасында Қазақ мемлекеттік университеті құрылымдастыру жөнінде қаулы алды. Онда 1934 жылдың 1-қаңтарынан бастап, университеттің бірінші курсы жұмыс істеу үшін екі ай мерзімнің ішінде барлық қажетті шараларды жасау жөнінде РСФСР халық ағарту комиссариатына жүктеді. Оқу қарсаңында даярлық бөлімін есептегенде 42 тарта профессор-оқытушы құрамы жұмыс істеді. Қазақ мемлекеттік университетінің дамуына елеулі кезең болып табылатын-1938 жылы өз аспирантурасының ашылуы.

1994 жылдың желтоқсан айында бүкіл республика жұртшылығы данышпан ғұлама, шығыстың мақтанышы қазақ топырағында дүниеге келген Ал-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің 60 жылдық мерей тойын атап өтті.

1930- жылдардың бас кезінде Қазақстаннан тыс білім алып жатқан студенттердің саны жан-жақты өсті. 1932 ж 27 желтоқсанда Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесі Қазақстаннан тыс оқу орындарында оқып жатқан қазақстандық-студенттерге үкімет тарапынан көмек беру туралы қаулы қабылдады.

1935 жылы Қазақстаннан тыс жерлерде оқығандардың саны 1,5 мың адамға жетсе, ал 1936 жылы 5,7 мың адамға өсті. Ең ірі студенттік бірлестіктердің болған жерлері Мәскеуде-1926 адам, Ленинградта-325 адам, Қазанда-800 адам, Саратовта 176 адам, Ташкентте-1105 адам, Астраханда-239 адам, т.б. қалаларда оқиды. РСФСР педагогикалық институттары Қазақстанның жекелеген облыстары бойынша бекітіліп берілді. РСФСР жоғары оқу орындарының ішінде, Қазақстанға бекітіліп берілгендер

Астрахань, Саратов, Куйбышев, Свердловск, Омби, Томск педагогикалық институттары болды (Нағымов Ш.Н., 2018, 152 б.).

Қазақстанға жіберілген мұғалімдердің ішінде Ленинградтықтар көп болды. Оның себебі Ленинград Қазақстанды қамқорлыққа алғандықтан көп көмек көрсетті. Ленинградтықтардың Қазақстандарды қамқорлыққа алуы Республиканың экономикасын, ғылымын және мәдениеттік дамытуда үлкен роль атқарды. Қазақ өлкелік Комитетінің 1934 жылы 23 маусымда Семей қаласында республика бойынша үшінші Семей педагогикалық институтын ұйымдастыру туралы қаулы қабылдады және Қарағанды обылыстарын бекітті. 1934 жылдың 1-қыркүйегінен бастап институттың құрамында 5 бөлім ашуды жоспарлаған болатынды физика, қазақ-тілі мен әдебиеті, тарих және экономика бөлімдерінің әр қайысысы 38 адамнан, барлығы -153 адам қабылдау белгіленді. Сонымен қатар қосымша математика, химия, география бөлімдерін ашу көзделді.

Орталау және орта мектептердің жүйесі мен оқушылардың санының тез қарқынмен артуы педагогикалық кадрларды даярлау проблемасы, әсіресе ауылдық 7 жылдық өте шиеленіскен жағдайда болды. Бұл қиыншылықтар 1934 жылы екі жылдық мұғалімдер институтын ұйымдастыруға негіз болды. Өмірге келген екі жылдық мұғалімдер институты мұғалім кадрларын негізінен 5-7 сыныптар үшін даярлауға тиісті болды. Олар негізінен педагогикалық институттардың жанынан, не болмаса өз алдына дербес оқу орны ретінде жақсы жабдықталған және кадрлары жеткілікті педагогикалық техникумдардың базасында болды. Мұғалімдер институтына негізінен орта білімді қабылдады. Кейбір институттардың жанынан орта мектептің 9 сыныбын бітірген жастарға арнап, даярлық курстары ашылды. Мұғалімдер институтын бітіргендерге педагогикалық институтқа сырттай және экстерн түрінде экзамен тапсыруға құқы берілді. Мұғалімдер институтын бітіргендер мектепте 3 жыл жұмыс істегеннен кейін, педагогикалық институттың қалаған факультетінің 3 курсына емтихансыз түсуге тиісті болды. Мұғалімдер институттарында негізінен тарих, тіл және әдебиет, физика-математика, география және жаратылыстану бөлімдері ашылды (Айтиев А., 2018, 377 б.).

1934 жылы қыркүйек айында Петропавл мұғалімдер институты ашылды. Оның алғашқы құрамында 90 адам болса, кейіннен 1935 жылдың 1-қаңтарынан бастап, институтқа 240 адамға дейін қабылдау жоспарланды. 1935 жылы Ақтөбе мұғалімдер институты ұйымдастырылды. Сонымен, жылма-жыл республикада жоғары педагогикалық оқу орындарының жүйесі мен контингенті өсін отырғандығын көруге болады. Педагогикалық институттар материалдық қаражат жағынан педагогикалық техникумдарға қарағанда жақсы жағдайда болды. Бірақ педагогикалық институттар мен техникумдардың жұмысында әлі де шешілмеген проблемалар мен кемшіліктер баршылық еді, студенттерге жатақхана жетіспеді, студенттердің құрамы өте аз болды, олардың оқу өндірістік жағдайлары болмады және маман ғылыми-педагогикалық кадрлар жетіспеді. 1934 жылы Орал педагогика институтының жанынан мұғалімдер институты ашылды. Бір жылдан кейін Қақтың Абай атындағы педагогикалық институттың жанынан Алматы мұғалімдер институты ұйымдасты. 1934 жылы



Қазақстанда 6 педагогикалық жұмысшы факультеттері жұмыс істеді. Оның 3-і күндізгі Алматы, Орал және Арал қалаларында болса және 3-і кешкі жұмысшы факультеті Алматы, Орал, Семей қалаларында жұмыс істеді. Педагогикалық жұмысшы факультеттерінің жалпы оқушыларының санының 1933-34 оқу жылында 1024 адам болса, оның 639 қазақтар, ал 1934-35 оқу жылында 1512 адамға жетті. Оның ішінде қазақтардың саны 1205 (Кунантаев К.К., 1997, 183-б.).

1932-1933 оқу жылы 1932 жылғы 19-қыркүйектегі үкіметтің жоғары ектеп жөніндегі қаулысын іс жүзіне асыру негізінде республика жоғары педагогикалық мектебінің оқу-тәрбие жұмысын жетілдіруле біршама өзгерістер енгізді. Көптеген республиканың жоғары оқу орындары әкімшілік-әміршілдік басқаруды терең енгізу бағытында өз жұмыстарын қайта құрған болатын. Жоғары мектеп өміріне енгізілген әкімшілік-әміршілдік басқару принциптері кең орын алды. Бүкіл жоғары педагогикалық оқу орындарында партиялық басшылыққа орынсыз мән берілді. Әсіресе, институттың факультеттерін, бөлімдерін, кафедралар мен жекеленген топтарды партиялық басшылық тұрғысынан басқаруға ерекше көңіл бөлді. Оқу орындарының барлық буындарының қол жеткен табыстары партия ұйымдарының жұмысындағы жетістіктер ретінде бағаланды. Республика жоғары оқу орындарында социалистік жарыс пен екпінділікті дамытуда 1934 жылы қаңтардың 1-нен 4-не дейінгі аралықта өткізілген екпінді мұғалімдердің Бүкіл Қазақстандық съезді үлкен роль атқарды. Жоғары оқу орындары қазақ халқының арасынан жоғары оқу орындарында оқитындардың контингентін арттыруда біршама табыстарға қол жетті, бірнеше оқулықтар қазақ тіліне аударылды, терминологияны жасауда көптеген жұмыстар істелді және т.б.

Қазақ педагогикалық институтына оқу процесін жергіліктену жұмысы жүргізілді. 1934-35 оқу жылында педагогикалық кадрларды, оның ішінде жергілікті халықтан даярлауда елеулі табыстарға қол жеткендігін атап өткен жөн. Мәселен, педагогикалық техникумдарда оқитын қазақ оқушыларының саны 1930 жылы 35 процнттен 1934 жылы 62 процентке дейін өсті. 1932 жылдан бастап, республиканы мекендейтін ұйғырлар, дұнғандар, өзбектер үшін педагогикалық кадрлар даярлау мақсатында педагогикалық техникумдар ашылды. 1933-34 оқу жылында педагогикалық техникумдардың өткен оқу жылымен салыстырғанда санының азайған себебі шағын техникумдарды жойып, ірілендірумен байланысты болды. 1935 жылы мәдени құрылыс қызметкерлерінің өлкелік съезді өткізілді. Съездің күн тәртібінде алфавит және қазақ тілінің орфографиясы туралы мәселелер қаралды. Съезд ұлттық интеллигенция кадрларын даярлаудың қарқынын арттырудың қажеттігін атап өтті. «Бұрын Қазақстанда бір жылдың ішінде жоғары мектепті бір қазақ бітірсе, - деп жазды И.Қабылов, - қазір- 300-400. Бір ғана Ленинградта жылына 60 қазақ жоғары оқу орнын бітіреді. Одақта қазақ студенттерінің оқымайтын ғылыми орталығы кемде, кем.» Бірақ осындай кадр даярлау саласында кең өріс алғанына қарамастан, қазақ интеллигенциясы кадрларын даярлауда орасан зор қажеттілік айқын сезілген болатын. Сондықтан да съезд жаңа интеллигенция кадрларына кең көлемде даярлаумен қатар, ескі интеллигенция кадрларына

ұқыптылықпен қараудың қажеттілігін қажет екендігін атап көрсетті (Ескеев Ж., 105-110 б.).

Қазақстанда ІІ-ІІІ бесжылдықтардың кезінде жаңа жоғары оқу орындары тез қарқынмен ашыла бастады (Тоқаев Қ.Қ., Астана, 2020). Әсіресе, екі жылдық мұғалімдер институты жан-жақты көрсетті. 1938 жылы Қарағанды мұғалімдер институты құрылды. Құрамында тарих, тіл және әдебиет факультеттері болды. 1939 жылы Қостанай мұғалімдер институты ашылды. 1940 жылдың қыркүйек айынан бастап Гурьев мұғалімдер институты жұмыс істей бастады. Гурьев мұғалімдер институтының бірінші ректоры болып, сол кездегі Мәскеудің жоспарлау-экономикалық институтының түлегі, қазіргі көрнекті ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор, республика ғылымына еңбегі сіңген қайраткер А.Б. Тұрсынбаев жұмыс істеді. Бір жылдан кейін соғыстың басталуына байланысты жабылып қалды. Содан кейін 1950 жылы Гурьев мұғалімдер институты қайтадан ашылды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер:**

1. Абдрахман Айтиев. Алматы «Қазақ университеті», 2018.-377 б.
2. Әбжанов Х. Қазақстан интеллигенциясы: тарих пен тағдыр // Ақиқат. – 1991. – №8.
3. Бердіғожин Л.Б. Қазақстанның мұнай-газ өнеркәсібі: кадрлық әулеті \\ «Өлке» баспасы. Алматы 2012 ж.-368 бет; Бердіғожин Л.Б. Қазақстанның батыс өлкесіндегі ұлттық интеллигенция. монография. Алматы, 2019. Атамекен баспасы.-248 бет;
4. Бердіғожин Л.Б. Қызылорда халық ағарту институты туралы \\ Қазақстан мектебі . 2010 №2; Бердіғожин Л.Б. Қызылорда жоғары мектеп тарихынан. \\ Қызылорда облыстық білім қызметкерлері біліктілігін көтеру институты хабаршысы 2010 №1-2. Қызылорда ОММ. 4 қ., 1 іс. 13 б.
5. Ескеев Ж. Педагогическое образование в Казахстане 1917-1930. 105-110 б..
6. Кенжебаев «Роль рабочих факультетов в подготовке кадров советской интеллигенции в Казахстане (1921-1940 гг.)» 25-б.
7. Жаманбаев К.Ж. Высшая школа в Казахстане. Исторический опыт Компартии Казахстана по руководству высшей школой за 50 лет (1920-1970 гг.). – Алма-Ата, 1972; Жуламанов К.Д. Высшая школа республики Средней Азии и Казахстана (1961-1975 гг.). – Алма-Ата, 1987.
8. Кунантаев К.К. Развитие народного образования в Казахстане /1917-1990/ Учебное пособие. Алматы, 1997 183-б.
9. Нағымов Ш.Н. Азалы ақ кітап. Астана, 2017.-275 б. Нағымов Ш.Н. Атырау ұстаздары. Астана, 2017.-280 б; Нағымов Ш.Н. Батыс өлке тарихының тағылымды беттері. Ақтөбе, 2018.-152 б..
10. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында.-Алматы, 1999.
11. Сарсенов А.С. «Бөкей Ордасында алғашқы мектептердің құрыла бастауы». Атырау мем.унив. хабаршысы, 2015, №1(36) 64-69 бб.

12. Табылдиев Х.Б. Қазақстандағы сауатсыздықты жою тарихы: тәжірибе және тағылым (1917-1941 жж) тар. ғыл. докт. дисерт авторефераты, А: 1997 ж.- 50 б.

13. Тоқаев Қ.К. Абай және XX! Ғасырдағы Қазақстан. –Астана,2020.

14. Назарбаев Н.Ә.Ұлы даланың жеті қыры. \ \ Егемен Қазақстан.21 қараша 2018 жыл.

## **1920-1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОҒАМДЫҚ САЯСИ- ӨМІРІНДЕГІ ҚАЙШЫЛЫҚТАРДЫҢ КЕЙБІР КӨРІНІСТЕРІ**

Г.Қ. Есетова

Билік басына келген большевиктердің экономиканы әміршілдік басқаруы, еңбекті ұйымдастырудағы әскерилендірілген әдістері, революция жауларымен күресеміз деген желеумен тап күресін күшейтуі, зорлық-зомбылық әрекеттері мен бұқара халықтың қайыршылануы социалистік қоғам орнатуға дайын еместігін көрсетті. Ал бұл өз кезегінде бұқара халық пен барлық буындағы басшы қызметкерлердің бір бөлігінің қарсылығын туғызып, елдің қоғамдық-саяси өміріндегі қайшылықтарды шиеленістерді. 20-жылдардың екінші жартысында кеңестік биліктің солақай саясатына наразылық білдіргеннің қатарында С.Сәдуақасов, Ж.Мыңбаев, Ы.Мұстамбаев, Ж.Сұлтанбеков, Н.Нұрмақов, З.Төреғожин, А.Асылбеков, М.Ғатаулин және т.б. болды. Алайда большевиктік билік оларға «ұлтшылдар», «ауытқушылар», топшылдар және т.б. негізсіз айыптар тағып қудалауға ұшыратып отырды.

Өлкедегі қоғамдық-саяси жағдайдың шиеленісуін, қазақстандық қайраткерлерді айыптау себептері туралы зерттеушілер: «Республикадағы ішкі саяси жағдайдың шиеленісуіне 20-жылдардың соңы мен 30-жылдардың бас кезіндегі БК(б)П ішіндегі троцкийшілдік оппозицияға қатысушылар мен басқа да фракция өкілдерінің Қазақстанға жер аударылуы өз әсерін тигізді. ... Соның нәтижесінде қазақстандық қызметкерлердің бір бөлігіне троцкийшілдермен және оңшылдармен байланыс жасағандары жөнінде айып тағылып, қуғын-сүргінге ұшырады», -деген пікірлер келтіреді (Қазақстан тарихы, 2010, 417 б.).

Сонымен қатар ішкі алауыздықтар және қазақстандық басшы қызметкерлердің орталықтың әлеуметтік-экономикалық саясатын сынға алуы большевиктік партияның сара бағытынан адастырған «ұлтшыл-ауытқу» деп түсіндірілді, ал жеке мәселелер бойынша олардың ортақ қимылдары мен позициялары-өлкелік партия ұйымының ішіндегі топтық күрес деп бағаланды (сонда, 417 б.). Міне осындай айыптаулармен, түрлі топтарды ұйымдастырды деген жаламен 20-жылдардың екінші жартысы мен 30-жылдардың басында С.Сейфуллин, С.Меңдешев, С.Қожанов, С.Сәдуақасов, Ж.Мыңбаев т.б. қызметтерінен алынып, тұтқындалды.

1928 жылы Қазақстанға Л.Д.Троцкийдің, кейін Л.Б.Каменевтің, Г.Ю. Пятаковтың және т.б. көрнекті саяси қайраткерлердің жер таударылып келуі